

ISSN 2710-1371

Қазақ тарихы
электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 3(183) 2024

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№3 (183) 2024

ELECTRONIC JOURNAL
№3 (183) 2024

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 күші берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year
(March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – Жұматаев Ринат Серикович – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ногайбасва Мендигуль Сагаитовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхаммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабакүмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

Алтымышева Зухра Америкүловна – тарихшы, Phd, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байғабатова Назгуль Қажымуратовна – этнограф, т.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, Phd, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильсоева Зибегуль Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ернарұлы – археолог, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Акбар Давурбаевич – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – Phd, тарихшы. III. III. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – Zhumatayev Rinat – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – Nogaibayeva Mendigul – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatuly – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölçer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Haji Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, Phd, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Ilyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Archaeologist, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Besetaev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – Phd, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

РЕЦЕНЗИЯ



REVIEW

<https://doi.org/10.62183/2024-3-3-52>**Д.А. Махат**

«Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ» Ке АҚ, Қазақстан, Астана қаласы

**ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШ ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ,
АКАДЕМИК ХАНКЕЛДІ ӘБЖАНОВТЫҢ КӨП ТОМДЫҒЫ**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Х.М. Әбжановтың көп томдық шығармалар жинағы жарық көрді:

Әбжанов Х. Табалдырық. Шығармалар жинағы. 1-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 464+8 жапсырма бет; Әбжанов Х. Тағдыр. Шығармалар жинағы. 2-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 440+8 жапсырма бет; Әбжанов Х. Тұлға. Шығармалар жинағы. 3-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 512+16 жапсырма бет; Әбжанов Х. Тарту. Шығармалар жинағы. 4-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 480+8 жапсырма бет; Әбжанов Х. Тарихшы. Шығармалар жинағы. 5-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 488+8 жапсырма бет.

«Ханкелді университет қабырғасынан КазГУ-дің тарих факультетінде менен төменгі курста оқыса да сыртынан білуші едім. 1971 жылы 1-курс студенттері Әлиядар, Жұман, Қасымбек деген жігіттермен комнатада бірге тұрдық. Әңгіме арасында іштерінде тарихқа шын берілген, озат студенттер бар ма деймін. Бәрі бір ауыздан Ханкелдіні айтатын: сабаққа ерекше ұқыпты, семинарға берілген кітаптардан басқа әдебиеттерді оқып келеді, кітапханадан шықпайды, келешекте біздің арамыздан жарып шығып бір ғалым болса осы Ханкелді болар деп Ханкелдімен мақтанатын.

... КазГУ-дің басқа оқу орындарынан ол кезде бар ерекшелігі оқу жылының басынан курс жұмыстарының тақырыбын алып, бір жыл жұмыс істеп май айында қорғаушы едік, бұл ғылымға алғаш баспалдақ болатын.

Мен Ханкелдіден курс жұмыстарың қалай болып жатыр, тақырыпты бастадыңдар ма? – дедім. Жұмысты бастадым, қысқы каникулға бармай, барлық күндерімді соған арнасам деп отырмын, – деді.

Ханкелдінің жауабына таңқалдым, университетте қанша озат студенттер болды, бірақ бірде-біреуінің қысқы каникулын курс жұмысы

үшін құрбан еткенін естімеппін. Артынан жоғарғы курстардағы жолдастарыма айтсам, бәрі таңырқап: – О заманда, бұ заман курс жұмысы үшін үйіне бармаған студент тарих факультетінің тарихында болмаған, фанатик ғой, болатын бала ғой – дегендері әлі есімде»¹ – деп жазған тарихшы ғылым А.Тоқтарбай «Тарих сардары» мақаласында. XX ғасырдың жетпісінші жылдары С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультеті табалдырығынан имене аттаған жас талант – Тәуелсіз Қазақ елінің тұңғыш ғылым докторы, ҒД 0000001 ғылым докторы дипломының иегері, бүгінгі тарих ғылымының тарланы, академик Ханкелді Әбжанов еді.

Академик-ғалым Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов 2023 жылдың қазан айында ғылыми-шығармашылығының жарты ғасырын және мерейлі жетпіс жасын үлкен жетістікпен атап өтті. Өз мамандығына адал, зерттеу еңбектері шынайы шындықпен өрілген академик Ханкелді Махмұтұлы: «1993 жылдың сәуірінде ҒД 0000001 ғылым докторы дипломы қолыма тиді. Тәуелсіз елдің тұңғыш ғылым докторы екенімді мақтанышпен айта аламын². ... Иә, тап осылай. Мен тарихшымын. Өзімнің күнделікті кәсібіммен, жарты ғасыр бұрын таңдаған мамандығыммен мақтанамын»³ дейді.

Академик Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың «Қазақстанның село интеллигенциясы» (Алматы, 1984), «Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма» (Алма-Ата, 1988), «Қазақстанның село интеллигенциясы: кеше, бүгін, ертең» (Алматы, 1990),

¹ Тоқтарбай А. Тарих сардары. – «Отан тарихы» журналы. Арнаулы басылым. – 2013. – Б. 33-34.

² Әбжанов Х. Табалдырық. Шығармалар жинағы. 1-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 464+8 жапсырма бет. – Б. 7.

³ Әбжанов Х. Тарихшы. Шығармалар жинағы. 5-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 488+8 жапсырма бет. – Б. 7.

«Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность» (Алма-Ата, 1992), «Қазақстан: тарих пен тағдыр» (Алматы, 2003), Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория» (Алматы, 2004), «Қазақстан: тарих, таным, тағылым» (Алматы, 2007), «Қазақстан: тарих, тіл, ұлт» (Астана, 2007), «Тәуелсіз Қазақстан: жоғары білім, ғылым, саясат (Ғ.Кенжебаевпен, Алматы, 2009) және басқа да көлемді зерттеулері мен жинақтары кітап болып басылды. 2023 жылы ғалымның 70 жылдығына орай, «Табалдырық», «Тағдыр», «Тұлға», «Тарту», «Тарихшы» деп аталатын жалпы көлемі 149 баспа табақтан тұратын (5 алғысөз, 212 зерттеу, пікір, сұхбат, естелік, библиография, фото-суреттер) көп томдығы жарық көрді. Автордың көп томдық шығармалар жинағына алғашқы жарияланымынан бастап, газет-журнал, әр түрлі деңгейдегі ғылыми конференция және басқа да ғылыми және ғылыми-танымдық жинақтарда шашырай таралған, әр кезеңде жазылған зерттеулері, сөйлеген сөздері, мектеп, университет қабырғасындағы достары, әріптестері, шәкірттері жазған ақ жарма тілектер қамтылған. Әр ғалым мерейлі жасына осындай қомақты еңбекпен келсе, қазақ ғылымына қосылған қазына болары анық. Тағылым алар, өнегелі іс.

Академик-ғалымның аталған көп томдық шығармалар жинағын баспаға ұсынған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі, кітап Алматы қаласында орналасқан «Алгоритм» баспасынан меценат Ғани Смаханұлының қаржылай қолдауымен жарық көрген.

Ғалымның өзі: «... тарих тағылымы – ердің ісі екеніне көзім жетті. Кеш те болса, ар алдындағы тазалығымды сақтау үшін бес томдыққа кірген еңбектеріме қалам тигізбедім. Әу баста қалай жазылды, сол қалпында бердім. Бұл тағдыр ғой. Кейінгілердің кемелденуіне септігі тиіп жатса, шүкіршілік айтамын. Бірақ ең дұрысы – ғылымның сара жолынан таймау»⁴ деп жазады оқырманға ұсынып отырған шығармалар жинағының екінші томында.

Академик Х.Махмұтұлы «Табалдырық» деп аталған бірінші кітаптың алғысөзінде: «Табалдырықтан аттағанның салмағын көмелеттік жасқа толғанда, оқуға түсуге үйден аттанғанда мен де сезіндім. Енді өз тағдырыма өзім ғана жауаптымын» деп үлкен өмірге қадам басқан кездегі

⁴ Әбжанов Х. Тағдыр. Шығармалар жинағы. 2-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 440+8 жапсырма бет. – Б. 7.

толғанысын еске алған. Қазақ университетінің тарих факультетіндегі әр орынға 25 үміткерден келіп, солардың арасынан оқ бойы озған 6 үміткердің бірі болған талапкерге, білім табалдырығынан аттау да, университет бітіргеннен кейінгі ғылым баспалдақтарынан өту де оңай соқпаған. Х. Мамұтұлы оқырманға көптомдық шығармалар жинағын ұсына отырып: «Жастар танымда, ғылымда даңғыл жол жоқ екенін білсе, менің олжам сол»⁵ дейді.



Бірінші кітапқа тарихшы ғалымның Қазақстан мәдениеті мен интеллигенция, ауыл-село, демография тарихы зерделенген 27 еңбегі және шығармаларының библиографиялық көрсеткіші енген. Хронологиялық шеңбері 1979-1991 жылдарды қамтыған зерттеулер «Жол басы», «В поисках истины», «Рецензиялар» деген үш бөлімге топтастырылып берілген. Кітаптың «Жол басы» бөлімі «Сауатсыздықтан – білім шыңына», яғни ХХ ғасырдың басындағы сауатсыздықты жою мәселесінен басталып, бөлім соңында «Бізге іскер мамандар керек» деп ғасыр соңында қалыптасқан білікті маман тапшылығы мәселесін көтеріп, тығырықтан шығар жол іздеген. Ғалымның «Мәдени революция: тапқанымыз бен жоғалтқанымыз», «Қазақ интеллигенциясы қашан туған?», «1951 жылдың ызғарлы күзі» сынды зерттеулерінен ХХ ғасырдың соңындағы қайта құру кезеңінің лебі еседі. Қазақтың игі-жақсылары Ресейге бодандықты қабылдамай тұрып-ақ тарих сахнасына шыққан, кеңестік социализм соңы күйреумен аяқталады деген батыл пікірлер мен тұжырымдар айтылады.

⁵ Әбжанов Х. Табалдырық. Шығармалар жинағы. 1-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 464+8 жапсырма бет. – Б. 7.

«В поисках истины» деген екінші бөлімде қамтылған В.Ленин, социализм, кеңестік кезең тарихы туралы: «Әркім өз заманының перзенті ғой. Мен де кемелдеген социализмнің, тоқыраудың, қайта құрудың шекпенінен шықтым. Аспаннан түсе қалған жоқпыз. Социалистік идеяға сендік, Ленин бабамызды жаттап өстік, партияның сөзін Құран сөзіндей қабылдадық, Бас хатшыға сілтеме жасамасақ қой шөп жемейтіндей көрдік. Сондай заман болғанын көз алдына елестете алмайтын ұрпақ өсіп келе жатыр. Осыларды шатастырмау үшін бұрынғы дүниелерімді қазқалпында бергенді жөн санадым. Бұлардан қаламның жастығы, тоталитарлық ұғым-түсініктің шектеулігі, қазақ тілі ғылым тіліне айнала қоймағаны, кейде тіпті көзқарастың үстірттігі байқалады. Қалай болғанда да өз сөзім – өзімдікі⁶» деп айта келе, ғалым өзінің өсу, маман тарихшы болып қалыптасу жолына шолу жасаған. Әрине, Ханкелді Махмұтұлы авторлық шығармаларына бүгінгі күн биігінен көз салып, өз қалауынша өңдеп, толықтырса өз еркінде еді, алайда жастыққа тән албырттығы мен соқтықпалы-соқпақты ғылым жолындағы қалыптасу кезеңдерін оқырманға қазқалпында жеткізген. Оны академик ғалымның жастарға берер тәлімі деп түсінген жөн. Үшінші бөлімде «Рецензиялар», кітап соңында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Х.М. Әбжановтың 1978-2023 жылдар аралығында жарық көрген 722 еңбегінің хронологиялық көрсеткіші берілген.



«Тағдыр» деп аталған екінші кітаптағы 25 зерттеуге ХІХ-ХХ ғасырларда орын алған оқиғалар мен тұлғалар тағдыры және басқа да Қазақ-

⁶ Әбжанов Х. Табалдырық. Шығармалар жинағы. 1-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 464+8 жапсырма бет. – Б. 7.

стан тарихының өзекті мәселелері арқау болған. Кітап «Халық тағдыры және тарих қозғалысы», «Судьба народа и движение истории» деген көлемді екі бөлімнен тұрады. Бөлімдердегі «1916 жылғы көтеріліс: тарихи көзқарас эволюциясы», «Қилы заман» және қазақ зиялысының тағдыры», «Қазақстанда тоталитарлық мәдениеттің қалыптасуы (1917-1945 жж.)», «Миссия интеллигенции», «Эволюция национальной идеи движения «Алаш» және т.б. зерттеулерден кеңестік жүйенің күйреуімен қоғамдық ғылымдардың методологиялық еркіндікке ие бола бастағаны, деректік-ақпараттық негізінің кеңейе түскені байқалады. Академик Х.М. Әбжанов: «Ғылымда даңғыл жол жоқ. 1991 жылдан беріде жазғандарым мінсіз деуге аузым бармайды. ... Мұның себебін, өзімнің құрдастарыма қарата айтсам, бастан кешкен тағдырымызбен байланыстырамын. Біз екі тоқырауды бастан кешкен ұрпақпыз. Біріншісі – брежневтік тоқырау. Оның негізінде жаппай жатсыну мен интеллектуалды бедеулік жатыр (массовое отчуждение и интеллектуальное бесплодие). Екіншісі – назарбаевтық тоқырау. Ол жойдасыз деспотизм мен жемқорлықтан туындады (беспредел деспотизма и коррупции). Ғалымдар қауымы мұндай індетке қарсы тұра алмайды екен. Өзімді ақтамаймын, бірақ пұшайман халге түскеніме өкінемін»⁷ дейді.



«Тұлға» деп аталған үшінші кітап 6 бөлімнен тұрады, оған алғысөз және 38 зерттеу енген. Хронологиялық ретпен орналасқан көлемді тарауларда: ойшылдар Әл-Фараби, Абай, ел билеуші Абылай, батырлар мен би-шешендер Қожаберген Толыбайұлы, Бөгенбай Ақшаұлы,

⁷ Әбжанов Х. Тағдыр. Шығармалар жинағы. 2-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 440+8 жапсырма бет. – Б. 6-7.

Жабай Қазыбекұлы, Қабанбай Қожақұлұлы, Қазбек Келдібекұлы, Сарыбай Айдосұлы, Амангелді Иманов, Алаш ардақтылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Қошқе Кемеңгерұлы, коммунисттік партия қатарында жауапты қызмет атқарған әміршіл-әкімшіл жүйенің құрбандары Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Жанайдар Сәдуақасов, Ұзақбай Құлымбетов, Нәзір Төрекұлов, қазақ қайраткерлері Дінмұхамед Қонаев, Жұмабек Ташкенов, Асанбай Асқаров, ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев, Салық Зиманов, Түймебай Әшімбаев, Қозыбаевтар әулеті, Рамазан Сүлейменов, Задыхан Қинаятұлы және т.б. әр ғасырда өмір сүрген қырыққа жуық ұлы дала тұлғаларының мұрасы мен ұлттық тарихтағы орнын зерттеген еңбектер тақырыптарға бөлініп берілген. Ғалымның «Тұлғасыз ел жетім» деген алғысөзінде алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханның замандастарының еншісіне, келешек ұрпақтың несібісіне, алдыңғы толқын ағалардың мұрасына қол сұғушыларға қарата айтқан: «Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар қысты күні үңгірде жатып, өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қаншама қомағайланса да, сорғаны – өз аяғы» деген сөзіне тоқталып, бірнеше методологиялық пайым жасаған. «Біріншіден, тұлға мәртебесіне ой еңбегімен немесе мемлекеттік қызметпен айналысқандар ғана емес, қатардағы еңбек адамдары да көтеріле алады. Қой бағып жүріп-ақ Кенен ағамыз артында өлмейтін мұра қалдырған жоқ па. Екіншіден, арамдықпен, тонаумен, жылатумен жинаған байлық берекелі құндылық емес. Судай сіңіп, тастай батпайды. Дағдарысқа, әлеуметтік қақтығысқа ұрындырады. Үшіншіден, түптің түбінде, жемқор мен сумақай өзін-өзі жазалайды. Туған ортасынан шеттейді, мешкей деген жаман атаққа ілігеді, ұрлықпен келген қазына-малы тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетеді⁸» деп пайымдайды. Үшінші кітапқа автордың сын-қатерлерге қарамастан, перзенттік борышын мүлтіксіз атқарған тұлғалар өмірі мен мұрасын нақты тарихи деректер негізінде зерттеген еңбектері енген. Ғалымның ұстанымы «жау іздеу әркімнің қолынан келеді, ал жасампаздық пен ізгілікті ұл-

ғайта білу – нағыз тұлғаға тән қасиет»⁹ дегенге саяды.



Ғалымның 36 зерттеуі мен ой-тұжырымы «Тарту» деп аталған төртінші кітапқа топтастырылған екен. Олар: «Тәуелсіздік бастаулары», «Тәуелсіздік және ұлттық өрлеу», «Независимость и национальное возрождение» деген көлемді үш тарауда ғалым ұлт тарихындағы бетбұрысты оқиғалар мен өзгерістер нәтижесін қарастырған: «Мәңгілік ел» идеясы: тарихы, мәні, маңызы», «Түркілік ортақ тарихтың интеллектуалды қырлары», «Ұлт-азаттық қозғалыстары: тарихнамалық пайым мен зерттеу методологиясы», «Қазіргі Қазақстан: тарих және методология», «Тәуелсіздік және ұлттық тарих», «Тәуелсіздіктің мәдени-рухани негізі: тарихи-теориялық талдау» «Қазіргі тарих ғылымы» және басқа да зерттеулер.



⁸ Әбжанов Х. Тұлға. Шығармалар жинағы. 3-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 512+16 жапсырма бет. – Б. 5-6.

⁹ Әбжанов Х. Тұлға. Шығармалар жинағы. 3-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 512+16 жапсырма бет. – Б. 7.

«Тарихшы» деп аталған көлемді бесінші кітапта 86 еңбек қамылған. «Тарих таразысы», «Сұхбаттар», «Замандастар келбеті», «Көзкөргендер», «Ізгі тілектер – 60 жас», «Мерейтойлық лебіздер – 70 жас» деп аталған алты бөлімде: жаңа кітаптарға пікірлер, естеліктер мен сұхбаттар және замандастарының әр жылдардағы ой-пайымдары мен ықылас-ниеттері арқау болған. Академик Х.Әбжановтың тарихшы ғалым Е. Бекмаханов туралы жазған «Ғалым бейнесі естеліктерде» атты пікірін, аграрлық экономиканың, білім мен ғылым саласында сүбелі еңбек еткен Қ. Сәбденұлы туралы «Қазақтың қасиеті мен киесі», белгілі журналист Ж.Ауыпбавтың «Рухы күштілер» кітабы жөніндегі «Рухы күштілер және тарих көші» атты талдау мақаласын, «Тарихты алдап кету ешкімнің қолынан келмейді» журналист Ғ.Мүсіреп пен ғалым Х.Әбжановтың сұхбатын, «Әбілқайырды әйгілі ұлт қайраткері деп пайымдаймын»¹⁰, тарихшы ғалым А.Нүсіпбеков туралы «Жастарға «қарағым, шырағым» деп толғанып отырып тапсырма беретін»¹¹, «Зұлмат жылдар зобалаңы», «Сәтбаев тағылымы – қазақ зиялысының темірқазығы» журналист Б. Қайратұлы мен ғалым Х. Әбжановтың сұхбаты, «Қазақстанда қуғын-сүргін ғылыми зерттеу институтын ашу керек»¹², ғалым-педагог Т.З. Рысбеков туралы «Организатор высшей школы и ученый», «Зәки Ахметов шығармаларының тарихи негіздері», тарихшы ғалым К.Нүрпейіс туралы «Қайран менің Кеңес ағам ...», журналист-ғалым А.Сейдімбек туралы «Ұлының қалдырған ізі мәңгілік», «Азаттыққа мейірі қанбаған тұлға», шәкірттері С.З. Баймағамбетов, Б.Санақұлова туралы «Сейліді еске алғанда ...», «Дүние неткен тар едің ...», тарихшы ғалымдар А. Құсайынов туралы «Мен оған борыштымын», Д.И. Дулатова туралы «Тарих факультетінің патшайымы, Т.Омарбеков туралы «Ғылымы асқан Талас еді» және басқа да пікірлері, естеліктері, сұхбаттары, сондай-ақ профессор Қ.Ә. Ахметовтың Х.Әбжановтың «Қазақстан: тарих, тіл, ұлт» зерттеулер жинағы жөніндегі ой-пайымы, А.Кәкеннің А.Сейдімбек, Х.Әбжанов, Қ.Салғараұлының бірлескен авторлығымен жарық көрген «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» кітабына пікірімен танысуға болады. Замандастарының әр жылдардағы ғалым туралы ой-пайымдары ерекше назар аударады. Оқырман бұл бөлімнен:

тарих ғылымдарының докторлары Қ.Ә. Ахметовтың «Жайсаң дос турал», «Зеделі ғалым», А. Тоқтабайдың «Тарих сардары», Т.Садықовтың «Азамат. Ғалым. Басшы», Ғ.Қ. Кенжебаев «Айтулы азамат», З.Қабылдиновтың «Замечательный человек», Г.Какенованың «Настоящий интеллигент», Н.Мұхамедханұлының «Ұлт парасатын терең зерттеген ғалым», Б.Кәрібаевтың «Академик, тарихшы Х.М. Әбжанов жөнінде», Х.Түрсүнның «Хан ұлындай хан-ағамның өнегесі», А.Мұсағалиеваның «Астана қаласы Ханкелді Әбжановтың тағдырында», С.Мамытованың «Ученый-историк, мудрый наставник, аристократ духа», С.Ковальскаяның «Ученый. Историк. Патриот», Ә.Мұхтардың «Тарихшы ғалым, абыройлы азамат», З.Дүкенбаеваның «Академик Х.М. Әбжанов – ұлағатты ұстаз, ғалым, парасатты тұлға», Т.Сәтбай «Ұстазым – халық академигі» және басқа шәкірттері мен замандастарының ізгі-тілек, ықылас-ниеттерімен танысады.

Қазақ «жақсының жақсылығын айт» дейді ғой, орайы келгенде айта кеткен орынды, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханкелді Махмұтұлымен 2000-2011 жылдары Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ және Мемлекет тарихы институтында қатар қызмет жасадық. Ол кісі кафедра басқарды, институттың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары болды. Ғылымдағы аға ұрпақ өкілі ретінде сол кездегі жас мамандарды ғылымға жетелеп, бағыт-бағдар берді, Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін айқындап, ізденушілерге тақырып беріп, ғылыми жетекші, ғылыми кеңесші болды.

2001 жылы «Қазақ зиялыларының қасіреті» атты тырнақалды зерттеуіміз профессор Талас Омарбековтың ғылыми редакторлығымен жарыққа шығып, кітапты ғылыми орта жылы қабылдаған еді. Профессор Х.М. Әбжанов «Егемен Қазақстан» газетінің 2002 жылғы 12 ақпандағы санында аталған зерттеу кітапқа пікір білдірді. Академиктің оқырманға ұсынып отырған көп томдығының бесінші кітабына енген «Ашылмай келген ақиқат» деген пікірінде: «... Мәселенің көптеген күңгірт жақтарын талдауға талпынып жүрген жас ғалымдарымыздың да еңбектері жарық көруде. Солардың бірі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы Данагүл Махаттың «Қазақ зиялыларының қасіреті атты» монографиялық еңбегі. Көлемді кітаптың төрт тарауында Ф.Голощекиннің жел беруімен өрттей қаулаған «оңшылдыққа», «ұлтшылдыққа», «жікшілдікке» қарсы күрестің тарихы мен тағылымы зерделеніп, қолдан

¹⁰ «Аңыз адам» журналы

¹¹ «Жұлдыздар отбасы» журналы

¹² «Егемен Қазақстан» газеті

ұйымдастырылған сол күрестердің ұлтымыздың мақтанышы болған зиялыларға әкелген қасіреті ашылады» дей келе «Уақыт тезіне төтеп бере алмаған зиялыларымызды асыра айыптап, қараламай, қателесулердің, жаңсақ басуларының себептері қайда жатқанын оқырманға салықалықпен жеткізе алған»¹³ деп бағалады. Ғылымда орны бөлек, үлкен ғалымның алғашқы еңбегіме білдірген жағымды пікірі ғылым жолына нық қадам басуыма әсер еткені рас.

Профессор Х.М. Әбжанов қоғамдағы жетістіктермен қатар орын алған өттеген-айларды да айтып, ғалымдармен пікір алмасып отыратын. Ғылыми конференция, семинар, студенттердің «Ойшыл» пікір сайыс клубы жұмысы жүйелі түрде өтіп тұрды. Бірінші орынға жастарға сапалы білім беру, оқытушылардың біліктілігін үнемі жетілдіріп отыру қойылғандықтан, ғалымдар арасында шығармашылық шыңдалу, маман ретінде қалыптасу үрдісі үйлесімді жүріп жататын еді. Біз, бірге қызмет атқарған сол жылдары Ханкелді Махмұтұлының үлкен ғалым, биік парасат иесі екеніне куә болдық.

¹³ Әбжанов Х. Тарихшы. Шығармалар жинағы. 5-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 488+8 жапсырма бет. – Б. 50-51.

Академик Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов өзінің бүкіл саналы ғұмырын ұлт тарихын зерттеп, зерделеуге арнап, ғалымның өзі айтқандай жұмыр басты пендеге ауа, су, күн қандай қажет болса, әркімнің және баршаның шыққан тегінен, табиғи қалпынан, салт-дәстүрінен, тілінен көз жазып қалмауы үшін төл тарихын білуі де соншалықты маңызды екенін дәйектеп берді. Ғалым тарих ғылымындағы ұзақ жылдар бойғы үздіксіз ізденістерінің нәтижесінде: «Өткенінді білмеу өзгенің сойылын соғуға, өзіндікін өзектен тебуге, бөтеннің туының астына кіруге әкелетінін адамзат тәжірибесі мен тағылымы, оның ішінде кеңестік дәуірдегі қазақ халқының тағдыры әлденеше рет дәлелдеген аксиома» деген тұжырым жасады. Қос дәуірдің куәсі, Тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымдарынан тұңғыш ғылым докторы, академик Ханкелді Махмұтұлының қазақ интеллигенциясы, ұлттық тілі мен ділі, қоғамдамуы туралы пайымдары, замана шындығы, ұлттық қадір-қасиетіміз туралы зерттеулері, замандастарының ықылас-ниеттері жинақталған «Табалдырық», «Тағдыр», «Тұлға», «Тарту», «Тарихшы» атты бес кітаптан тұратын шығармалар жинағы – тәлімі мол, тағылымды еңбектер.

МАЗМҰНЫ

Ортағасырдағы Қазақсан тарихы

<i>Хабижанова Г.Б.</i> Тарихи топонимика және сакральді топография	4
---	---

Этнология. Антропология

<i>Картаева Т., Шәмишева Г., Мағзумов М.</i> Торанғы: өндеудің дәстүрлі әдістері, экоортадағы киелілігі	14
<i>Аманова Бахар Тоғиғ қызы</i> Халық жазушысы Әли Валиев еңбектеріндегі Қарабақ ауыл шаруашылығының этнографиясы	23
<i>Әлиев Асад Танирверди оглы</i> Грузин өзірбайжандары мен Кавказда тұратын кейбір түркітілдес халықтардың өміріндегі бірдей және әртүрлі әдет-ғұрыптар мен нанымдар туралы	30

Археология

<i>Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Шаймұханова Д.С.</i> Тарбағатай теріскейіндегі қола дәуірінің Белбастау қорымы	36
<i>Үмітқалиев Ү., Искаков Қ.</i> Қазақ халқының жерлеу ғұрпындағы рәсімдердің археологиялық деректермен сабақтастығы	45

Рецензия

<i>Махат Д.А.</i> Тәуелсіз елдің тұңғыш ғылым докторы, академик Ханкелді Әбжановтың көп томдығы туралы	52
---	----

CONTENTS

Medieval history of Kazakhstan

<i>Khabizhanova G.B.</i> Historical toponymy and sacred topography	4
---	---

Ethnology. Anthropology

<i>Kartaeva T., Shamshieva G., Magzumov M.</i> Turanga: traditional processing methods, its sanctity in the environment.....	14
<i>Amanova Bahar Tofiq gizi</i> Karabakh agriculture created by the people's writer Ali Valiyev.....	23
<i>Aliyev Asad Tanirverdi oglu</i> About the same and different customs and beliefs in the life of Georgian Azerbaijanis and some turkic-speaking peoples living in the caucasus.....	30

Archaeology

<i>Zhumatayev R.S., Shakenov S.T, Shaimuhanova D.S.</i> A bronze age cemetery Belbastau on the northern slope of Tarbagatai	36
<i>Umitkaliev U., Iskakov K.</i> The continuity of rituals in the funeral rites of the kazakh people with archaeological data	45

Review

<i>Mahat D.A.</i> The first doctor of science of an independent country, academic about the many volumes of Hankeldi Aabjhanov.....	52
--	----